

**«Мұхаметжан Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті»
акционерлік қоғамы**



БЕКІТЕМІН

АЛТ Оқу кеңесінің шешімімен
«27» 03 2025ж. (№8 хаттама)

Басқарма Төрағасы – Ректор
М.С. Жармағамбетова

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Атауы: 8D07164 – КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ
ИНЖЕНЕРИЯСЫ**

Дайындық деңгейі: докторантура (PhD)

**Дайындық бағыттарының коды және жіктелуі: 8D071 Инженерия және
инженерлік іс**

**Білім беру бағдарламаларының коды мен тобы: D104 – Көлік, көлік
техникасы және технологиялар**

Тізілімде тіркелген күні: 30.06.2025

Тіркеу нөмірі: 8D07100153

Алматы, 2025 жыл

МАЗМҰНЫ

1. Бағдарламаны қарау, келісу және бекіту, әзірлеушілер, сарапшылар және рецензенттер туралы мәліметтер	3
2. Нормативтік сілтемелер	5
3. Білім беру бағдарламасының төлқұжаты	6
4. Түлектің құзыреттілік моделі	7
5. Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелерін оқу пәндерімен/модульдерімен сәйкестендіру матрицасы	9
6. Докторантудың білім беру бағдарламасының құрылымы	10
7. Бүкіл оқу мерзіміне арналған жұмыстық оқу жоспары	11
8. Жоғары оқу орны компоненті пәндерінің каталогы	12
9. Таңдау бойынша компонент пәндерінің каталогы	14
10. Сараптамалық қорытындылар	16
11. Пікір-сарапшылардың қорытындылары	18
12. Ұсыныс хат	20
13. Қарау және бекіту хаттамалары	21
14. Келісім парағы	25
15. Өзгерістерді тіркеу парағы	26


1. БАҒДАРЛАМАНЫ ҚАРАУ, КЕЛІСУ ЖӘНЕ БЕКІТУ, ӘЗІРЛЕУШІЛЕР, САРАПШЫЛАР ЖӘНЕ РЕЦЕНЗЕНТТЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

1. ӘЗІРЛЕНДІ:

ALT қауымдастық профессоры,
техника ғылымдарының докторы  Исмагулова С.О.

ALT қауымдастық профессоры,
техника ғылымдарының кандидаты  Тулемисов Т.Ж.

Сениор-лектор,
техника ғылымдарының магистрі  Аблязова А.М.

Ассистент-оқытушы,
техника ғылымдарының магистрі  Кенжебекова А.А.

2. САРАПШЫЛАР:

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Алматы магистральдық
желі бөлімшесі» филиал директоры  Жексенбиев А.Т.

Қ.И. Сәтбаев атындағы
Қазақ ұлттық зерттеу
техникалық университетінің
«Құрылыс және құрылыс материалдары»
кафедрасының меңгерушісі, профессор,
техника ғылымдарының докторы  Шахметов С.Б.

3. ПІКІР-САРАПШЫЛАР:

«GeoTrack» ЖШС директоры,
техника ғылымдарының кандидаты  Нусупов Д.К.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы –
«Алматы магистральдық желі бөлімшесі»
«Алматы жол дистанциясы» бастығы  Асанов Ж.Е.

4. ҚАРАЛДЫ ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛДЫ:

АК (КҚ кафедрасының) отырысы
«24» 02. 2025ж., № 1 хаттама  Карибаева Г.Б.

Көлік және құрылыс
институтының ОӘБ отырысы
«17» 03. 2025ж., № 8 хаттама  Абдрешов Ш.А.

М.Тынышпаев атындағы

АЛТ Университетінің

ОӘК отырысы

«20» 03. 2025ж., № 4 хаттама



Коджабергенова А.К.

5. БЕКІТІЛДІ Оқу Кеңесінің шешімімен «27» 03. 2025ж. № 8 хаттама

6. АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер мен кәсіби стандарттар негізінде әзірленген:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы – 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III.

2. Біліктіліктердің ұлттық шеңбері, 2016 жылғы 16 наурыздағы әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссияның хаттамасымен бекітілген.

3. «Білім беру» саласының салалық біліктіліктер шеңбері, 2019 жылғы 27 қарашадағы № 3 хаттамамен бекітілген, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің әлеуметтік әріптестік және білім мен ғылым саласындағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиясының отырысы.

4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидалары, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

5. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

6. Басшылардың, мамандардың және өзге де қызметкерлердің лауазымдарының біліктілік анықтамалығы, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 309 бұйрығымен бекітілген (2023 жылғы 25 шілдедегі өзгерістер мен толықтырулармен).

7. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мамандықтар даярлау бағыттарының классификаторы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы бұйрығымен бекітілген (2023 жылғы 25 шілдедегі өзгерістер мен толықтырулармен).

8. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мамандықтар даярлау бағыттарының классификаторы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген (2023 жылғы 16 мамырдағы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен).

9. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ оларды тізілімге енгізу және одан шығару негіздері – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығы.

10. РИ-ALT-33 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын әзірлеу тәртібі туралы ереже».

11. Автомобиль жолдары саласындағы менеджерлер, 20.12.2024.

12. Жолдар мен автомагистральдар құрылысы, 21.12.2022.

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

№	Өріс атауы	Ескерту
1	Тіркеу нөмірі	8D07100153
2	Білім беру саласының коды және жіктемесі	8D07 – Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
3	Дайындық бағыттарының коды және жіктемесі	8D071 – Инженерия және инженерлік іс
4	Білім беру бағдарламаларының коды мен тобы	D104 – Көлік, көлік техникасы және технологиялары
5	Білім беру бағдарламасының атауы	8D07169 - Көлік инфрақұрылымының инженериясы
6	ББ түрі	Жаңа
7	ББ мақсаты	Қазіргі ғылыми тәсілдер негізінде магистральдық көлік жүйелері мен инфрақұрылымын жобалау, басқару және дамыту бойынша түпнұсқалық зерттеулер жүргізіп, инновациялық әдістерді әзірлей алатын жетекші ғалымдар мен сарапшыларды даярлау.
8	БХСЖ бойынша деңгейі	8
9	ҰБШ бойынша деңгейі	8
10	СБШ бойынша деңгейі	8
11	ББ айрықша ерекшеліктері	Жоқ
	Әріптес ЖОО (ББББ)	-
	Әріптес ЖОО (ЕДББ)	-
12	Оқыту түрі	Күндізгі
13	Оқыту тілі	Қазақ, орыс
14	Кредиттер көлемі	180
15	Берілетін дәреже	8D07169 – Көлік инфрақұрылымының инжинирингі (бейіндік) білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)
16	Кадрларды даярлау бағытына лицензияға қосымшаның болуы	№003 8D071 лицензия №KZ87LAA00036465 бойынша
17	ББ аккредитациясының болуы	жоқ
	Аккредиттеу органының атауы	-
	Аккредиттеудің істе болу мерзімі	-

4. ТҮЛЕКТІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК МОДЕЛІ

Білім беру бағдарламасының міндеттері:

1. Түлектің қабілетін қалыптастыруға жәрдемдесу:
1. зерттелетін салаға қатысты жаңа немесе таныс емес жағдайларда, кең (немесе пәнаралық) контекстерде білім мен түсінікті қолдана білу және мәселелерді шеше білу;
2. зерттеу нәтижелерін алдын ала болжау мен бағалауға мүмкіндік беретін білім, дағды және іскерлікті көрсету;
3. нақты ғылыми үдерісті, экспериментті, тәжірибені іске асыру дағдылары мен іскерлігін қалыптастыру;
4. бастапқы және екінші дереккөздермен жұмыс істеудің жоғары деңгейдегі дағдыларын қалыптастыру, әсіресе проблемалық аспектілерді талдау және айқындау қабілетіне назар аудару;
5. өздігінен білімін жалғастыру.
2. Түлектің дайындық деңгейін қалыптастыруға жәрдемдесу:
1. магистральдық желілер мен жол саласын дамытуға үлес қосатын ғылыми зерттеулер жүргізе білу;
2. магистральдық желілер мен жол саласындағы ғылым мен тәжірибенің қазіргі жағдайын бейнелейтін жүйелі түрде алынған кең көлемді ғылыми білімді көрсету;
3. магистральдық желілер мен жол саласының өзекті бағыттары бойынша жаңа білім немесе практикалық шешімдер жасауға арналған жобаларды әзірлеу және іске асыру қабілетін көрсету;
4. ғылыми зерттеулер жүргізуде қолданылатын ғылыми әдістерді терең түсіну қабілетін көрсету.

Оқу нәтижелері (ЕСУВО бойынша):

ОН 1. Этикалық және пәнаралық факторларды ескере отырып, көлік инфрақұрылымы үшін гипотеза қою, деректерді жинау мен талдаудың заманауи әдістерін таңдау, қорытындыларды сыни тұрғыдан түсіндіру және инновациялық ұсынымдар әзірлеуді біріктіретін әдіснаманы қалыптастыру.

ОН 2. Көлік объектілерінің техникалық жай-күйін алдыңғы қатарлы диагностикалық технологияларды, деректер талдауын және тәуекелге бағытталған өлшемдерді пайдалана отырып бағалау, инфрақұрылымның сенімділігін, қауіпсіздігін, тұрақтылығын және стратегиялық жоспарлауын қамтамасыз ету.

ОН 3. Климаттық, техногендік және әлеуметтік факторларды ескере отырып, тәуекел мен тұрақты дамудың сандық модельдері негізінде көлік инфрақұрылымының тұрақтылығын негіздеу, жүйелердің сенімділігі мен қауіпсіздігін стратегиялық қамтамасыз ету.

ОН 4. Салалық ғылыми зерттеулерде ғылыми эксперименттерді жоспарлау, жүргізу және талдау әдістерін қолдану арқылы қорытындылардың дәлелділігін, айнымалылардың бақылауын және нәтижелердің ғылыми маңыздылығын арттыру.

ОН 5. Көлік міндеттерін талдау және онтайландыру үшін шешім қабылдау теорияларын қолдану, тәуекелдерді, ресурстарды, әлеуметтік-экономикалық факторларды және академиялық жазу дағдыларын ескеру.

ОН 6. Көлік инфрақұрылымына арналған геоакпараттық шешімдерді жобалау, жасанды интеллект, кеңістіктік деректер, талдау және визуализацияны біріктіре отырып, жоспарлау, мониторинг және стратегиялық басқару шешімдерін қолдау.

Кәсіби қызмет саласы:

Магистральдық желілер және жол саласы.

Кәсіби қызмет объектілері:

Ғылыми-зерттеу және жобалау институттары, бюролар, компаниялар, фирмалар және ұйымдар (кәсіпорындар), жол саласы.

Оқу аяқталғаннан кейін берілетін кәсіби сертификаттар:

Қарастырылмаған.

Білімнің алдыңғы деңгейіне қойылатын талаптар:

Бейіндік магистратура.

Кәсіби қызмет түрлері:

- ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- өндірістік-технологиялық және пайдалану;
- есептік-жобалық;
- ғылыми-зерттеу;
- құқықтық, сараптамалық және кеңес беру.

Кәсіби қызмет функциялары:

1. көлік құрылыстары объектілеріне арналған құрылыс материалдары мен конструкцияларын өндіру бойынша кәсіпорындарды (немесе олардың құрылымдық бөлімшелерін) жобалау және ұйымдастыру;
2. өнімнің құрамын, қасиеттерін және технологиялық жабдықтардың жұмыс режимдерін оңтайландыру;
3. көлік саласының жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарының технологиялық үдерістерінің тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және іске асыру;
4. технологиялық үдерістерді әзірлеу, өндіріс бойынша технологиялық есептер жүргізу, техникалық нормативтік құжаттаманы (кәсіпорын стандарттарын), бұйымдар мен конструкцияларды дайындау;
5. көлік саласындағы кәсіпорындарды немесе олардың құрылымдық бөлімшелерін басқару;
6. ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, жоспарлау және орындау;
7. шығарылатын өнімнің сапалық көрсеткіштерін арттыру бойынша эксперименттік-зерттеу және есептік-эксперименттік жұмыстарды жүргізу, жаңа технологияларды жетілдіру және енгізу.

Маманның лауазымдар тізімі:

- ғылыми қызметкер;
- көлік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі менеджер;
- магистральдық көлік желілері бөлімінің басшысы;
- көлік саласының маманы;
- акционерлік қоғам президенті.

**5. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН ОҚУ
ПӘНДЕРІМЕН/МОДУЛЬДЕРІМЕН СӘЙКЕСТЕНДІРУ МАТРИЦАСЫ**

№	Наименование дисциплины	Количество кредитов	Матрица соотнесения результатов обучения по образовательной программе с учебными дисциплинами					
			PO1	PO2	PO3	PO4	PO5	PO6
1	2	4	5	6	7	8	9	10
1	Академиялық хат	4	+					
2	Ғылыми зерттеу әдістер	6		+	+	+		
3	Көлік инфрақұрылымы объектілерінің техникалық жай-күйін диагностикалау және бағалау	5			+			
4	Көлік инфрақұрылымы объектілерінің орнықтылығы	5			+			
5	Ғылыми эксперименттердің негіздері	5		+	+	+		
6	Көлік инфрақұрылымы мәселелерінде шешім қабылдау теориясы	5					+	
7	Көлік инфрақұрылымындағы геоакпараттық жүйелер	5						+
8	Өндірістік тәжірибе	10	+	+				
9	Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдамадан өту және докторлық диссертацияны орындау	10		+	+	+	+	+
10	Докторлық диссертация жазу және қорғау	12		+	+	+	+	+

6. ДОКТОРАНТУДЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Білім беру бағдарламасының құрылымы

№	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы (академиялық сағатпен)	Жалпы еңбек сыйымдылығы (академиялық кредитпен)
1.	Теориялық оқу	1350	45
1.1	Негізгі пәндер циклі (НП) 1) Академиялық жазу 2) Ғылыми зерттеу әдістері		
1)	ЖОО компоненті және (немесе) таңдау компоненті		
1.2	Бейіндік пәндер циклі (БП)		
1)	ЖОО компоненті және (немесе) таңдау компоненті		
2)	Өндірістік тәжірибе	кемінде 600	кемінде 20
2.	Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (ДЭЗЖ)	3690	123
1)	Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдамадан өту және докторлық диссертацияны орындау		
3.	Қосымша оқу түрлері (ҚОТ)		
4.	Қорытынды аттестаттау (ҚА)	360	12
1)	Докторлық диссертация жазу және қорғау	360	12
	Барлығы	кемінде 5400	кемінде 180

7. БҮКІЛ ОҚУ МЕРЗІМІНЕ АРНАЛҒАН ЖҰМЫСТЫҚ ОҚУ ЖОСПАРЫ

АО "АЛТ Университет имени Мухамеджана Тынышпаева"

УЧЕБНЫЙ ПЛАН

Форма обучения: очная

Направление подготовки (профильное):
80071 – Информатика и информационные технологии

УТВЕРЖДЕН

Решением Ученого совета
АО "АЛТ Университет имени М.Тынышпаева"
от "27" марта 2025 г. Протокол № 8

Срок обучения: 3 года

Группа образовательных программ:
0210 – Магистральные сети и инфраструктура

Наименование образовательной программы:
8007169 – Информатика транспортной инфраструктуры
Специальность: Инженер транспорта

Преподседатель Ученого совета:
М.С. Жармашев
М.С. Жармашев

Примеч: 2025 год

№	Код дисциплины	Наименование циклов и дисциплин	Общая трудоемкость		Формы контроля, триместр	Объем учебной нагрузки, часы							Распределение по семестрам						Зачетное место по кафедре	
			в дисциплинах	в экзаменах и кредитных		Зачеты	ЭК (ЭР)	Всего часов	Контактные				СРП	1 курс						
									лекции	практические	лабораторные	СРП		1 сем.	2 сем.	3 сем.	4 сем.	5 сем.		6 сем.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	
1. ТЕОРЕТИЧЕСКОЕ ОБУЧЕНИЕ																				
ЦИКЛ БАЗОВЫХ ДИСЦИПЛИН (БД):																				
1) Вузовский компонент:			300	10	2		300	30	45	0	30	195	10	0	0	0	0	0		
1.1.1.	23-03-01-01	Академическое письмо	120	4	1		120		30		15	75	4						LE	
1.1.2.	23-03-01-02	Методы научных исследований	180	6	1		180	30	15		15	120	6						ТС	
2) Компонент по выбору:			150	5	1	0	150	15	15	0	15	105	5	0	0	0	0	0		
1.1.3.	23-03-01-03	Дисциплины и оценка технических систем объектов транспортной инфраструктуры	150	5	1		150	15	15		15	105	5						АСИ, ТС	
	23-03-01-04	Устойчивость объектов транспортной инфраструктуры																		
ВСЕГО по циклу БД:			450	15	3		450	45	60	0	45	300	15	0	0	0	0	0		
ЦИКЛ ПРОФИЛИРУЮЩИХ ДИСЦИПЛИН (ПД):																				
1) Вузовский компонент:			150	5	1		150	15	15	0	15	105	5	0	0	0	0	0		
1.2.1.	23-03-01-05	Основы научных исследований	150	5	1		150	15	15		15	105	5						АТСИ, БД	
2) Компонент по выбору:			150	5	1		150	15	15	0	15	105	5	0	0	0	0	0		
1.2.2.	23-03-01-06	Теория принятия решений и задачи транспортной инфраструктуры	150	5	1		150	15	15		15	105	5						ТС	
	23-03-01-07	Геоинформационные системы и транспортная инфраструктура																		
ИТОГО по ПД:			300	10	2	0	300	30	30	0	30	210	10	0	0	0	0	0		
1.2.3.	23-03-01-08	Производственная практика	600	20	2		600						30						ТС	
ВСЕГО по ТЕОРЕТИЧЕСКОМУ ОБУЧЕНИЮ (ТО):			1250	45	6	0	1250	75	90	0	75	510	25	20	0	0	0	0		
2	Экспериментально-исследовательская работа докторанта (ЭИРД):		3600	120			3600							5	10	30	30	30	18	
1)	23-03-01-09	Экспериментально-исследовательская работа докторанта, включая прохождение стажировки и выполнение докторской диссертации	3600	120	1,2,3,4,5,6		3600							5	10	30	30	30	18	
3. Дополнительные виды обучения (ДВО):																				
4. Итоговая аттестация (ИА):			360	12			360											12		
1)	23-03-01-10	Написание и защита докторской диссертации	360	12	6		360											12	ТС	
ИТОГО ЗА ВСЁ ПЕРИОД ОБУЧЕНИЯ:			5400	180	8	0	5400	75	90	0	75	510	30	30	30	30	30	30	30	

СОГЛАСОВАНО:

И.о. Проректора по АТ: Куджабергенова А.К.

РАЗРАБОТАНО:

Директор института ТИС: Абдрашев Ш.А.

Заведующая кафедрой ТС: Карибебаева Г.Б.

КЕЛІСІЛДІ

«GEO-TRACK» ЖШС директоры,
Техника ғылымдарының кандидаты

Нусеупов Д.К.

2025 ж.

АО «М. Тынышпаев атындағы АЛТ университетінің»
Көлік және құрылыс институтының
Институт директоры
АО «АЛТ Университеті»
Абдрешов Ш.А.
2025 ж.

8. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ КОМПОНЕНТІ ПӘНДЕРІНІҢ КАТАЛОҒЫ

8D07164 – КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ИНЖЕНЕРИЯСЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру деңгейі: докторантура

Оқу мерзімі: 3 жыл

Қабылдау жылы: 2025

Модуль	Цикл	Құрамдас	Пәннің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы		Семестр	Оқыту нәтижелері	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Алғы шарттар	Постреквизиттер
				академиялық сағаттар	академиялық кредиттер					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Модуль 1 – Ғылыми құзыреттер	БП	ЖК	Академиялық хат	120	4	1	ОН1	Пәнді игерудің мақсаты: академиялық және ғылыми мәтіндерді ресімдеуге қойылатын құрылымдық ерекшеліктер мен талаптарды меңгеру. Ақпаратты рефераттау және қысқаша баяндау, библиографиялық шолу жазу дағдыларын жетілдіру. Жалпы жұртшылықтың ғылыми жетістіктері туралы хабарлау және халықаралық деңгейдегі басылымдарда жариялау үшін ғылыми мақалалар жазу қабілеті.	Магистратураның базалық және бейіндік пәндер циклінің пәндері	Өнеркәсіптік тәжірибе, докторанттың тәжірибелік-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдамадан өту және докторлық диссертацияны аяқтау, қорытынды бағалау
	БП	ЖК	Ғылыми зерттеу әдістері	180	6	1	ОН2, ОН3, ОН4	Эксперименттік-зерттеу жобаларын жоспарлауды, ұйымдастыруды және іске асыруды қоса алғанда, ғылыми зерттеудің теориялық және қолданбалы әдістерін түйені түсінуді қалыптастыру. Деректерді талдау мен интерпретациялаудың заманауи әдістері, ақпаратты өңдеу технологиялары,	Магистратураның базалық және бейіндік пәндер циклінің пәндері	Өнеркәсіптік тәжірибе, докторанттың тәжірибелік-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдамадан өту және докторлық

Модуль 2 – Профильдік құзыреттер	Беп	ЖК	Ғылыми экспериментті ердің негіздері	150	5	1	ОН2, ОН3, ОН4	жасанды интеллект негізіндегі цифрлық құралдар мен тәсілдер, ғылыми жарияланымдарды дайындау, зерттеу нәтижелерін ұсыну және қорғау жөніндегі құзыреттер игеріледі. Тұрақты даму принциптеріне, ғылыми қызметтің этикалық аспектілеріне және зерттеулерді жобалау мен іске асырудағы тәуекелдерді басқаруға ерекше назар аударылады.	Пән докторанттардың зертханалық және өндірістік жағдайларда заманауи жабдықтардың көмегімен ғылыми эксперименттерді өз бетінше жоспарлау және жүргізу бойынша базалық білімі мен дағдыларын қалыптастыруға арналған. Пән университет компонентіне жатады. Пән мынадай модульдерден тұрады: эксперименттік зерттеулер; эксперименттік зерттеу әдістемесі; технологиялық процестерді модельдеу; экспериментті жоспарлау; ғылыми зерттеулерді талдап енгізеді.	Магистратураның базалық және бейіндік пәндер циклінің пәндері	Өнеркәсіптік тәжірибе, докторанттың тәжірибелік-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдамдан өту және докторлық диссертацияны аяқтау, қорытынды бағалау	диссертацияны аяқтау, қорытынды бағалау
--	-----	----	---	-----	---	---	---------------------	--	---	---	--	---

«Көлік құрылысы» кафедрасының меңгерушісі

Карибаева Г.Б.

КЕЛІСІЛДІ

«GEO-TRACK» ЖШС директоры,
Техника ғылымдарының кандидаты

Нусупов Д.К.

2025 ж.

А.О. М. Тынышпаев

атындағы АЛТУ университетінің»

Көлік және құрылыс институтының

директоры

А.О. М. Тынышпаев

Абдрешов Ш.А.

2025 ж.

9. ТАҢДАУ БОЙЫНША КОМПОНЕНТ ПӘНДЕРІНІҢ КАТАЛОГЫ

8D07164 – КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ИНЖЕНЕРИЯСЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Оқу мерзімі: 3 жыл

Қабылдау жылы: 2025

Білім беру деңгейі: докторантура

Модуль	Цикл	Кұрамдас	Пәннің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы		Семестер	Оқыту нәтижелері	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Алғы шарттар	Постреквизиттер
				академиялық сағаттар	академиялық кредиттер					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Модуль 1 – Ғылыми құзыреттер	БП	ТК	Көлік инфрақұрылымы объектілерінің техникалық жай-күйін диагностикалау және бағалау	150	5	1	ОНЗ	Пәнде олардың сенімділігін, пайдалану қауіпсіздігін және қызмет ету мерзімін ұзартуды қамтамасыз ету мақсатында көлік инфрақұрылымы объектілерінің техникалық жай-күйін диагностикалау, бақылау және бағалау әдістері зерделенеді	Магистратураның базалық және бейіндік пәндер циклінің пәндері	Өнеркәсіптік тәжірибе, докторанттың тәжірибелік зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдамалардан өту және докторлық диссертацияны аяқтау, қорытынды бағалау
			Көлік инфрақұрылымы объектілерінің тұрақтылығы					Пәнде тәуекелдерді талдау, конструкцияларды модельдеу және инженерлік нығайту әдістерін қолдана отырып, табиғи және техногендік факторларды қоса алғанда, көлік инфрақұрылымы объектілерінің сыртқы	Магистратураның базалық және бейіндік пәндер циклінің пәндері	Өнеркәсіптік тәжірибе, докторанттың тәжірибелік зерттеу жұмысы, оның ішінде

						және ішкі әсерлерге тұрақтылығын қамтамасыз ету қағидаттары зерттеледі.					тағылымдамалардан өту және докторлық диссертацияны аяқтау, қорытынды бағалау
Модуль 2 – Профильдік құзыреттер	Беп	ТК	Көлік инфрақұрылымы саласындағы географиялық ақпараттық жүйелер	150	5	1	ОН5	Пән көлік инфрақұрылымында географиялық ақпараттық жүйелердің қолданылуын, оның ішінде көлік желілерін талдау, модельдеу және басқару әдістерін, сондай-ақ көлік процестерінің тиімділігін арттыру үшін объектілердің маршруттарын оңтайландыру және мониторингтеу әдістерін зерделейді.	Магистратураның базалық және бейіндік пәндер циклінің пәндері	Өнеркәсіптік тәжірибе, докторанттың тәжірибелік-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдамалардан өту және докторлық диссертацияны аяқтау, қорытынды бағалау	
		КВ	Көлік инфрақұрылымы мәселелерінде шешімдер қабылдау теориясы				РО6	Пән көп өлшемді талдауды, баламаларды бағалауды және белгісіздік пен тәуекел жағдайында шешім қабылдауды қоса алғанда, көлік инфрақұрылымын жоспарлау, басқару және оңтайландыру проблемаларына қолданылатын шешімдер теориясының әдістері мен модельдерін зерделейді.	Магистратураның базалық және бейіндік пәндер циклінің пәндері	Өнеркәсіптік тәжірибе, докторанттың тәжірибелік-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдамалардан өту және докторлық диссертацияны аяқтау, қорытынды бағалау	

«Көлік құрылысы» кафедрасының меңгерушісі



Карибаева Г.Б.

10. САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫЛАР

1) 8D07169 – «Көлік инфрақұрылымының инжинирингі» білім беру бағдарламасына сараптамалық қорытынды

8D07169 – «Көлік инфрақұрылымының инжинирингі» білім беру бағдарламасы бойынша

Бұл білім беру бағдарламасы бір жылдық профильдік оқыту болып табылады және таңдалған салада мамандандырылған білім мен дағдыларды алуға бағытталған.

8D07169 – «Көлік инфрақұрылымының инжинирингі» докторантура бағдарламасы көлік инженериясы саласында жоғары ғылыми және инженерлік біліктілігі бар кадрларды даярлаудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес әзірленген. Бағдарлама докторанттардың терең теориялық білімдерін қалыптастыруға, ғылыми талдау дағдыларын дамытуға, қолданбалы және іргелі зерттеулер жүргізуге, сондай-ақ көлік инфрақұрылымы саласында инновациялық инженерлік шешімдерді әзірлеу мен енгізу қабілетін арттыруға бағытталған.

1. Өзектілігі

Көлік инфрақұрылымын дамыту тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етудің, аумақтардың логистикалық байланысын күшейтудің және халықаралық көлік дәліздеріне интеграцияланудың басым бағыты болып табылады. Бағдарлама уақыт талаптарына жауап береді және көлік жобаларының технологиялық жаңаруын, ғылыми сүйемелдеуін қамтамасыз ете алатын жоғары білікті мамандарды даярлау үшін қажет.

2. Бағдарламаның мазмұны

Бағдарлама келесі пәндерді қамтиды:

- заманауи инженерлік пәндер;
- интеллектуалды көлік жүйелері (ITS);
- көлік инфрақұрылымының орнықты даму қағидаттары;
- геоакпараттық технологиялар;
- цифрлық модельдеу және деректерді талдау;
- ғылыми әдіснама және академиялық жазу.

Сонымен қатар бағдарламада қарастырылған:

- міндетті ғылыми тағылымдама;
- халықаралық ғылыми жобаларға қатысу;
- Scopus және Web of Science базаларында индекстелетін басылымдарда жарияланымдар жасау.

3. Практикалық және ғылыми бағыттылығы

Бағдарлама академиялық дайындықты тәжірибеге бағытталған тәсілмен үйлестіреді. Ғылыми зерттеу тақырыптары келесі өзекті бағыттарды қамтиды:

- көлік желілерін жаңғырту;
- инфрақұрылымды басқарудың цифрландырылуы;
- қауіпсіздік пен энергия тиімділігін арттыру;
- құрылыс пен пайдалану саласындағы инновациялық технологияларды енгізу.

Қорытынды

8D07169 – «Көлік инфрақұрылымының инжинирингі» білім беру бағдарламасы өзекті, ғылыми негізделген және жоғары ғылыми-инженерлік біліктілігі бар кадрларды даярлау міндеттеріне толық сәйкес келеді. Бағдарлама саланың қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген, елдің ғылыми және технологиялық әлеуетін дамытуға ықпал етеді және PhD докторларын даярлау жүйесінде іске асыруға ұсынылады.

Сарапшы,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Алматы магистральдық
желі бөлімшесі» филиал директоры



Жексенбиев А.Т.

2) 8D07169 – «Көлік инфрақұрылымының инженериясы» білім беру бағдарламасына сараптамалық қорытынды

8D07169 – «Көлік инфрақұрылымының инженериясы» PhD докторантура бағдарламасы қазіргі заманғы талаптарға сай әзірленген, теңгерімді және ғылыми негізделген кадрларды даярлау үлгісі болып табылады. Бағдарлама цифрландыру, урбанизация және климаттық өзгерістер жағдайында көлік жүйесін дамытудың қолданбалы және стратегиялық міндеттерін шешуге бағытталған.

1. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты – докторанттардың көлік инфрақұрылымының өмірлік циклының барлық кезеңдерін қамтитын (тұжырымдамалық жобалаудан бастап пайдалануға және мониторингке дейін) кәсіби және зерттеу құзыреттерін қалыптастыру.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

ғылыми талдау жүргізу және зерттеулерді өз бетінше орындау дағдыларын дамыту; инженерлік-техникалық шешімдерді сыни тұрғыдан бағалау және оңтайландыру қабілетін арттыру;

инновациялық технологияларды әзірлеу және енгізу;

заманауи IT құралдары мен цифрлық платформалар негізінде көлік жүйелерін басқару қабілетін қалыптастыру.

2. Қазіргі заман талаптарына сәйкестігі

Бағдарлама ұлттық және халықаралық стандарттарға сай келеді және келесі бағыттарды қамтиды:

инфрақұрылымдық нысандардың орнықтылығын, сенімділігін және қауіпсіздігін басқару модульдері;

тәжірибеге бағытталған пәндер мен зерттеу семинарлары;

жарияланымдық және патенттік белсенділікті дамытуға қолдау көрсету;

академиялық ұтқырлық және шетелдік ғылыми тағылымдамалар.

Бағдарлама іргелі ғылыми зерттеулер мен инженерлік тәжірибені ұштастыра отырып, көлік ғылымының жаһандық даму үрдістеріне сай келеді.

3. Бағдарламаның өзектілігі мен қолдану салалары

Бағдарлама түлектері:

көлік саласындағы инновациялық және инфрақұрылымдық жобаларды тиімді басқаруға;

көлік құрылысы саласындағы нормативтік және әдістемелік құжаттарды әзірлеуге;

халықаралық ғылыми-зерттеу желілері мен консорциумдарына қатысуға қабілетті болады.

Бағдарлама ғылым, білім және өндіріс арасындағы байланысты нығайтуға, инженерлік ойлаудың жаңа деңгейін дамытуға және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға ықпал етеді.

Қорытынды

PhD білім беру бағдарламасы 8D07169 – «Көлік инфрақұрылымының инженериясы» өзекті, ғылыми тұрғыда негізделген және болашағы зор бағдарлама болып табылады. Бағдарлама елдің көлік жүйесін және халықаралық инженерлік тәжірибені дамытуға елеулі үлес қоса алатын жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған.

Бағдарламаны жүзеге асыру, әрі қарай дамыту және академиялық ынтымақтастықты кеңейту ұсынылады.

Сарапшы,

«СиСМ» кафедрасының меңгерушісі

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық

зерттеу техникалық университеті

техника ғылымдарының докторы, профессоры



11. ПІКІР-САРАПШЫЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

1) 8D07169 – «Көлік инфрақұрылымының инжинирингі» білім беру бағдарламасына пікір-сарап

Білім беру бағдарламасы бейіндік бір жылдық оқу болып табылады, таңдалған салада мамандандырылған білім мен дағдылар алуға бағытталған.

8D07169 – «Көлік инфрақұрылымының инжинирингі» докторантура бағдарламасы көлік инженериясы саласында жоғары білікті зерттеу және инженерлік кадрларды даярлауға қойылатын заманауи талаптарға сәйкес әзірленген. Бағдарлама докторанттарда терең теориялық білімдерді қалыптастыруға, ғылыми талдау дағдыларын дамытуға, қолданбалы және іргелі зерттеулер жүргізуге, сондай-ақ көлік инфрақұрылымы саласында инновациялық инженерлік шешімдерді әзірлеу және енгізу қабілеттеріне бағытталған.

1. Өзектілігі

Көлік инфрақұрылымын дамыту – тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету, аумақтардың логистикалық байланыстылығын арттыру және халықаралық көлік дәліздеріне интеграциялану үшін басым бағыт болып табылады. Бағдарлама уақыт талаптарына жауап береді және көлік жобаларының технологиялық жаңартылуы мен ғылыми сүйемелдеуін қамтамасыз ете алатын жоғары білікті мамандарды дайындау үшін қажет.

2. Бағдарлама мазмұны

Бағдарламада төмендегілерді оқыту қарастырылған:

заманауи инженерлік пәндер;

интеллектуалды көлік жүйелері (ITS);

көлік инфрақұрылымының тұрақты даму қағидаттары;

геоақпараттық технологиялар;

цифрлық модельдеу және деректерді талдау;

ғылыми әдіснама және академиялық жазу.

Сондай-ақ көзделген:

міндетті ғылыми тағылымдама;

халықаралық ғылыми жобаларға қатысу;

Scopus және Web of Science базаларында индекстелетін басылымдардағы жарияланымдық белсенділік.

3. Практикалық және ғылыми бағыттылығы

Бағдарлама академиялық дайындықты тәжірибеге бағытталған тәсілмен үйлестіреді.

Ғылыми зерттеулердің тақырыптары келесі өзекті бағыттарды қамтиды:

көлік желілерін модернизациялау;

инфрақұрылымды басқарудың цифрландырылуы;

қауіпсіздік пен энергоэффективтілікті арттыру;

құрылыс және пайдалану саласында инновациялық технологияларды енгізу.

Қорытынды

8D07169 – «Көлік инфрақұрылымының инжинирингі» білім беру бағдарламасы өзекті, ғылыми тұрғыдан негізделген және жоғары білікті зерттеу-инженерлік кадрларды даярлау міндеттеріне жауап береді. Бағдарлама саланың қажеттіліктерін ескереді, елдің ғылыми және технологиялық әлеуетін дамытуға ықпал етеді және оны жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде іске асыруға ұсынуға болады.

Пікір-сарапшы,
«GeoTrack» ЖШС директоры,
техника ғылымдарының кандидаты



Д.К. Нусупов

2) 8D07169 – «Көлік инфрақұрылымының инжинирингі» білім беру бағдарламасына пікір-сарап

8D07169 – «Көлік инфрақұрылымының инжинирингі» білім беру бағдарламасы көлік саласының қазіргі даму үрдістерін ескере отырып әзірленген және жоғары ғылыми-инженерлік біліктілігі бар кадрларды даярлауға бағытталған.

Бағдарлама мазмұны көлік инфрақұрылымы нысандарын жобалау, салу, пайдалану және қайта жаңарту мәселелерінің теориялық және қолданбалы аспектілерін терең қамтиды. Ерекше назар ғылыми-зерттеу қызметіне, цифрландыруға, орнықты дамуға және инновациялық технологияларды енгізуге аударылған.

Бағдарлама докторанттардың ғылыми-зерттеу құзыреттерін, аналитикалық ойлау қабілетін және күрделі инженерлік міндеттерді шешу дағдыларын дамытуға бағытталған. Ол Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік стандартына және халықаралық академиялық талаптарға толық сәйкес келеді.

Бағдарлама өндірістік ұйымдармен, ғылыми-зерттеу институттарымен және көлік саласындағы кәсіпорындармен өзара іс-қимылға бағытталған, бұл ғылыми зерттеулердің тәжірибелік маңызын арттырады.

Қорытынды:

8D07169 – «Көлік инфрақұрылымының инжинирингі» білім беру бағдарламасы көлік саласының заманауи талаптарына сай келеді, жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлауға бағытталған және бекітуге ұсынылады.

Пікір-сарапшы,

«КТЖ» ҰК» АҚ филиалы –

«Алматы магистральдық желі бөлімшесі»

«Алматы жол дистанциясы» бастығы



Асанов Ж.Е.

12. ҰСЫНЫС ХАТ

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ филиалы –
«Алматы магистральдық желі бөлімшесі»

«М. Тынышбаев атындағы
АЛТ Университеті» АҚ

ҰСЫНЫС ХАТ

Филиал «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ – «Магистральдық желінің Алматы бөлімшесі» 8D07169 – «Көлік инфрақұрылымының инжинирингі» (бейіндік) докторантураның білім беру бағдарламасына толық қолдау білдіреді және жоғары кәсіби баға береді. Бағдарлама М.Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ тарапынан әзірленген.

Біздің ұйым, АО «НК «ҚТЖ» магистральдық желісінің негізгі өңірлік бөлімшесі ретінде, көлік инфрақұрылымын дамыту, жаңғырту және тиімділігін арттыру бойынша кешенді міндеттерді шеше алатын жоғары білікті инженерлік кадрларға және ғылыми-талдамалық мамандарға тұрақты қажеттілік сезінеді. Білім беру бағдарламасының мазмұнын мұқият зерделегеннен кейін біз оның қазіргі ғылыми және салалық стандарттарға сәйкес келетініне және теміржол секторының өзекті қажеттіліктерін толық көрсететініне көз жеткіздік.

Бағдарламаның ғылыми және практикалық маңыздылығы.

Бағдарламада инфрақұрылымның жай-күйін талдау, сенімділігін бағалау және инновациялық инженерлік шешімдерді әзірлеу үшін қажетті зерттеу құзыреттерін дамытуға үлкен көңіл бөлінген. Сенімділік теориясы, көлік жүйелерін модельдеу және жаңа жобалау технологиялары мәселелерін терең оқыту докторанттарға теміржол желісінің пайдалану сипаттамаларын жақсартуға нақты үлес қосуға мүмкіндік береді.

Инновацияларға және цифрлық технологияларға басымдық.

Теміржол саласы басқару, мониторинг және модельдеу бойынша цифрлық құралдарды белсенді енгізуде. Білім беру бағдарламасына көлік процестерін цифрландыру, үлкен деректерді талдау, геоакпараттық технологиялар және инфрақұрылымды басқарудың интеллектуалды жүйелері бойынша модульдердің енгізілуі уақыт талабына сай және озық технологияларды енгізе алатын мамандарды даярлауды қамтамасыз етеді.

Басқарушылық және стратегиялық құзыреттерді дамыту.

Бағдарлама инфрақұрылымдық жобаларды басқару, стратегиялық жоспарлау, тәуекелдерді бағалау және экономикалық тиімділік салаларында білім қалыптастырады. Мұндай құзыреттер магистральдық желі деңгейінде стратегиялық маңызды шешімдер қабылдай алатын басшылар мен сарапшыларды даярлау үшін қажет.

«НК «ҚТЖ» АҚ филиалы – «Магистральдық желінің Алматы бөлімшесі» өндірістік тағылымдамалар, ғылыми-зерттеу жобалары және диссертациялық жұмыстарды сараптау аясында М.Тынышбаев атындағы АЛТ Университетімен ынтымақтастыққа дайын екенін растайды, сондай-ақ осы бағдарламаның түлектерін ғылыми-талдамалық және инженерлік-басқарушылық лауазымдарға басым кандидаттар ретінде қарастырады.

Жоғарыда баяндалғанды негізге ала отырып, 8D07169 – «Көлік инфрақұрылымының инжинирингі» докторантураның білім беру бағдарламасы бекітуге және оқу үдерісіне енгізуге ұсынылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Алматы магистральдық
желі бөлімшесі» филиал директоры



Жексенбиев А.Т.

13. ҚАРАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ХАТТАМАЛАРЫ

«Мұхаметжан Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ

8D07169 – «Көлік инфрақұрылымының инжинирингі» (бейіндік) білім беру бағдарламасы бойынша Академиялық комитеттің және «Көлік құрылысы» кафедрасының жетекші оқытушыларының отырысының

№ 1 ХАТТАМАСЫ

Алматы қ.

«24» ақпан 2025 жыл

Төраға: Исмагулова С.О.

Хатшы: ассистент-оқытушы Кусман Б.Қ.

Қатысқандар: Академиялық комитет мүшелері, кафедраның жетекші профессорлық-оқытушылық құрамы.

Өндіріс өкілдері: Жексенбиев А.Т. (АО «НК «ҚТЖ»)

Оқушылар: 8D07169 білім беру бағдарламасы бойынша докторантура өкілдері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 8D07169 – *Көлік инфрақұрылымының инжинирингі (бейіндік)* білім беру бағдарламасы бойынша түлектің құзыреттілік моделін қарастыру.
2. КЭД пен РУП-қа пәндерді енгізу мүмкіндігін қарастыру.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Кафедра меңгерушісі Карибаева Г.Б. үш білім деңгейі бойынша (бакалавриат, магистратура, докторантура) түлектің құзыреттілік моделін қарастыруды ұсынды. Түлектің құзыреттілік моделі келесі бөлімдерді қамтиды:

- білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері;
- оқу нәтижелері;
- кәсіби қызмет саласы, объектілері, түрлері және функциялары;
- білім беру бағдарламасы бойынша лауазымдар тізімі;
- оқу аяқталғаннан кейін берілетін кәсіби сертификаттар;
- алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Өндіріс өкілі - Жексенбиев А.Т. түлектердің кәсіби қызмет объектілерінде көлік инфрақұрылымын цифрлық модельдеу, жобалау және басқаруға қатысуын көрсету қажеттігін атап өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Кафедра мүшесі Тулемисов Т.Ж. құзыреттерді кеңейту мақсатында BIM-технологияларды қолдану, көлік ағындарын талдау және көлік жүйелерінің тұрақты дамуы әдістерін енгізуді ұсынды.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

Түлектің құзыреттілік моделін үш білім деңгейі бойынша (бакалавриат, магистратура, докторантура) бекіту үшін «Көлік және құрылыс» институтының кеңесіне ұсыну.

2-ші мәселе бойынша:

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Кафедра меңгерушісі Карибаева Г.Б. 2025 жылғы қабылдау үшін КЭД және РУП құрамына жаңа пәндерді енгізу мәселесі бойынша жұмыс берушілер мен білім алушылардың пікірін тыңдауды ұсынды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Өндіріс өкілі Жексенбиев А.Т. көлік құрылысы саласының мамандары цифрландыру және заманауи технологиялар саласында білімге ие болуы қажет екенін атап өтті.

РУП-қа енгізуге келесі пәндерді ұсынды:

- «Көлік инфрақұрылымындағы BIM-модельдеу»;
- «Жобаларды басқарудың цифрлық технологиялары»;
- «Интеллектуалды көлік жүйелері».

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Докторант Иманқұлова А.С. қосымша «Көлік желілерін талдаудың заманауи әдістері» пәнін енгізуді және «Көлік жүйелерінің тұрақты дамуы» модулін кеңейтуді ұсынды.

1. ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

2. Ақпаратты назарға алу.
3. Жұмыс берушілер мен білім алушылардың ұсыныстары мен ұсынымдарын ескеру.
4. РУП-қа келесі пәндерді енгізуді қарастыру:
 - «Көлік инфрақұрылымындағы BIM-модельдеу»;
 - «Жобаларды басқарудың цифрлық технологиялары»;
 - «Интеллектуалды көлік жүйелері»;
 - «Көлік желілерін талдаудың заманауи әдістері».

Төраға



Исмагулова С.О.

Хатшы



Кусман Б.Қ.

«Мұхаметжан Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ

«Көлік және құрылыс» институты

«Көлік және құрылыс» институтының Оқу-әдістемелік бюросының отырысының

№ 8 ХАТТАМАСЫ

Алматы қаласы

«17» наурыз 2025 жыл

Төраға: «Көлік және құрылыс» институтының Оқу-әдістемелік бюросының төрағасы, PhD докторы Ш.А. Абдрешов.

Хатшы: т.ғ.к., қауымдастық профессоры Мурзалина Г.Б.

Қатысқандар: «Көлік және құрылыс» УМБИ мүшелері, АҚ мүшелері

Өндіріс өкілдері: Жексенбиев А.Т. («НК «ҚТЖ» АҚ)

Білім алушылар: 8D07169 білім беру бағдарламасы бойынша докторантура мен магистратура өкілдері

КҮН ТӘРТІБІ:

8D07169 – *Көлік инфрақұрылымының инжинирингі (бейіндік)* бағыты бойынша бакалавриат, магистратура және докторантураның элективті пәндер каталогын (КЭД), жұмыс оқу бағдарламасын (РУП) және білім беру бағдарламаларының паспортын қарастыру.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Кафедра менгерушісі Карибаева Г.Б. «Көлік инфрақұрылымының инжинирингі» бағыты бойынша бакалавриат, магистратура және докторантураның КЭД, РУП және білім беру бағдарламаларының паспорттарын қарастыруға ұсынды. «Көлік құрылысы» кафедрасында 8D07169 – «Көлік инфрақұрылымының инжинирингі» (бейіндік) білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын талқылау бойынша жұмыс берушілер мен білім алушылардың қатысуымен отырыс өткізілді.

Жұмыс берушілер мен білім алушылар тарапынан келесі жаңа өзекті пәндер ұсынылды:

- «Көлік инфрақұрылымындағы BIM-модельдеу»;
- «Жобаларды басқарудың цифрлық технологиялары»;
- «Интеллектуалды көлік жүйелері»;
- «Көлік желілерін талдаудың заманауи әдістері».

Кафедра бұл ұсыныстарды қарастырып, оларды КЭД пен РУП-тың жаңартылған нұсқаларына енгізуді мақұлдады.

- Ақпаратты назарға алу.
- Жұмыс берушілер мен студенттік актив өкілдерінің барлық ұсыныстары мен ұсынымдарын ескеру.
- КЭД, РУП және бакалавриат, магистратура және докторантураның білім беру бағдарламаларын «Көлік және құрылыс» институтының кеңесінде және университеттің Ғылыми кеңесінде қарастыруға және бекітуге ұсыну.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Ақпаратты назарға алу.

2. Жұмыс берушілер мен студенттік актив өкілдерінің барлық ұсыныстары мен ұсынымдарын ескеру.
3. КЭД, РУП және бакалавриат, магистратура және докторантураның білім беру бағдарламаларын «Көлік және құрылыс» институтының кеңесінде және университеттің Ғылыми кеңесінде қарастыруға және бекітуге ұсыну.

Төраға

Хатшы



Абдрешов Ш.А.

Мурзалина Г.Б.

14. КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

№	Аты-жөні	Жұмыс орны	Қызметі	Келісім күні	Қолы
1	Абдрешов И.А.	КНБ	директор	24.02.25	[Signature]
2	Тайғалиева А.	ЭмСТН	директор	24.02.25	[Signature]
3	Муратова Т.С.	Д.м.Б	директор	24.02.25	[Signature]
4	Қарыбаев Р.Б.	АТ, ТС	зав. кар.	24.02.25	[Signature]
5	Құдышев Р.Р.	АТ БСЧ	кар. меккер.	24.02.25	[Signature]
6	Мойылбаев А.Е.	АТ кар, АТ С.Б.Б	кар. меккер.	24.02.25	[Signature]
7	Қызылбаев Р.О.	АТ жав. кар. РК	в.о. жав. кар.	24.02.25	[Signature]
8	Қызылбаев Р.О.	АТ жав. кар. РК	в.о. жав. кар.	24.02.25	[Signature]

15. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

№	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерту түрі (ауыстыру, жою, қосу)	Хабарламаның нөмірі мен күні	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі және аты-жөні, қолы, лауазымы